


«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ



КГУ «Общеобразовательная средняя школа имени Т.Жаманмурынова» государственного учреждения «Отдел образования Иртышского района Управления образования Актюбинской области»

030402. Аманқол ауылы
Т.Жаманмұрынов көшесі № 10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«04» қараша 2024ж.

№122

030402. Село Аманкул
ул. Т.Жаманмурынова № 10
Тел: 8-713-43-72-0-40
«04» ноября 2024г

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы
Г.Сәрсенғалиеваға
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ырғыз ауданының білім бөлімі» ММ
«Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ –нен

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» ММ «Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ мемлекеттік аттестаттау комиссиясының берген кемшіліктері мен ескертулеріне сәйкес бұзушылықтарды жою жөніндегі атқарылған шаралар хабарламасы.

Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 26 тамыз-02 қыркүйек 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша төменде аталған кемшіліктер мен ұсыныстар бойынша жоспар құрылып, бұзушылықтарды жою мерзімі анықталды.

1. Бағалау өлшемшартының 9,3 тарауы талабын орындау мақсатында жіберген кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген 1-тарпуының 24-тармағы (Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруды қажет етеді) талаптарына әдістемелік ұсынымдарға сәйкес келмейтіндігі кемшілікте айтылған болатын. Мектепалды даярлық тобының педагогі Салмағанбет Гүлсезім Нағашыбайқызы еңбек өтілі 6 жыл болғанымен, біліктілік санатын арттырмаған еді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауан өткізу қағидалары мен шарттарының 1-тарауында педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша , біліктілікті бағалау тестінен тиісті балды жинай алмауы, Педагогтерді аттестаттау ІІ жарты жылдықта өткізілмейтіндігі туралы Ақтөбе облысының білім басқармасының 19.10.2023 жылғы №1\4783 санды бұйрығы негізінде және «Су тасқыны болған аймақтарда төтенше жағдайдың жариялануына» байланысты Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы «16» сәуірдегі № 79 бұйрығының 1-қосымшасы негізінде категориядан өту шілде айына қалдырылғаны себеп болған. 2024-2025 оқу жылында жоғарыда көрсетілген пән мұғалімі 6 жыл еңбек өтілі бар Мектепалды даярлық тобының педагогі Салмағанбет Гүлсезім Нағашыбайқызы ППБ тестінен тиісті балын жинап, құжаттары е-портфолио бойынша қабылданып, педагог-модератор санатын арттырды.

Аталған педагогтердің біліктілік санатын көтеру туралы бұйрықтары, біліктілік санатын растау куәліктері мен ППБ тест нәтижелері қосымша жалғанды.

Сонымен қатар, әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушімен бекітілген мәліметтер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес ұсынылмаған болатын. Мектепалды даярлық сынып кабинеті аталған бұйрыққа сәйкес әдістемелік ұсынымның 4-қосымшасы ғана жүктеліп, фотосебебі және накладнойлары салынбаған. Қазіргі таңда мектепалды даярлық сыныбына ауыл кәсіпкерінің демеушілігімен ИП «Дүйжанова ГШ» кәсіпкерімен 180 550 тг көлемінде ойыншықтар және керекті әдістемелік құралдармен толықтырылды. *Накладнойлар мен фотосебептері қоса салынды.*

2.Бағалау өлшемшарттарының 12.2.тарауы талабын орындау мақсатында жіберген кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 10-24 тармақтарының, 3-қосымшасы 2-тарауы 11, 22-37 тармақтарының, 4-қосымшасы 2-тарауы 23-28 тармақтарының талаптарына **сәйкес келмейді** делінген.Себебі, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесіндегі пәндердің атауларында ауытқушылықтары бары анықталған. «Қазақ әдебиеті» атауы «әдебиет», «алгебра және анализ бастамалары» атауы «алгебра», «алғашқы әскери және технологиялық дайындық» атауы қысқартылып АӘТД емес, АӘД атауымен жазылғаны анықталған болатын. 2024-2025 оқу жылы бойынша Bilimclass платформасында оқу жұмыс жоспарлары мен электронды журналдағы сабақ кестесіндегі пәндердің атаулары талапқа сай толтырылды.

Пәндердің базалық білім мазмұны игерілуінде 2022-2023 оқу жылының 10-класс электронды журналының 12-бетінде қазақ тілі пәні (пән мұғалімі Ғ.Тұрмағанбетов) сабақта өткен тақырыптар жыл бойына жазылмағандығы анықталған. Себебі, оқу жылының соңында журналды жүктеу кезінде қателіктер орын алып, тақырыптар жүктелмей қалған. Қазіргі кезде «Kundelik.kz» электронды журналын қайта жүктеу қолжетімсіз болғандықтан өзгертілген жоқ. Қазіргі қолданыстағы Bilimclass платформасында талапқа сай толтырылды. *Аталған пән мұғалімінен түсініктеме алынып, көшірмесі қоса жалғанды.*

Сайтқа жүктелген 2022-2023 оқу жылының 11-сыныптың «Kundelik.kz» электронды журналының 33, 34 бетінде дүниежүзі тарихы пәнінен (пән мұғалімі Ермаханов Төрегелді) жыл бойына бөлім бойынша жиынтық бағалау болмағанын, тек қана 2-тоқсанда 2 рет тоқсандық жиынтық бағалау 20.12. және 30.12 күндері алғаны, информатикадан (пән мұғалімі З.Қожабекова) 19.10 күні №1БЖБ, 15.03. күні №4БЖБ және 31.05 күні тоқсандық жиынтық бағалау алғаны, алгебра және анализ бастамалары пәнінде (пән мұғалімі Қуандықова Г.) БЖБ алғаны бар, бірақ өтілген тақырып бөлігінде 1,4-тоқсанда журналда болған күні толтырылуы көрсетілмеген, ТЖБ күні ғана журнада көрсетілгені анықталды. 2024-2025 оқу жылындағы Bilimclass платформасында аталған кемшіліктер басшылыққа алынып талапқа сай толтырылды. *Аталған пән мұғалімдерінен түсініктемелері алынып қоса жалғанды.*

3.Бағалау өлшемшарттарының 14.2. тарауы талабын орындау мақсатында жіберген кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 57, 59-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді, №125 бұйрықтың 2 тарау 13 тармағында көрсетілгендей «ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні

өткізілмейді» сақталмаған, алайда ұсынылған ТЖБ кестесі мен электронды журналды зерделегенде жиынтық бағалау арасына күн салынып өткізілуі, сол сияқты жиынтық бағалау саны және күндері көрсетілуі сақталмағандығы тексеру қорытындысында көрсетілген болатын. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Kundelik.kz» платформасын жүктеп алу кезінде қателіктер орын алған. «Kundelik.kz» платформасын қайтадан жүктеп алуға қол жеткізу мүмкін болмағандықтан қазіргі қолданыстағы «Bilimclass» платформасында жоғарыда көрсетілген стандарт бойынша және №125 бұйрықтың 2 тарау 13 тармағы негізінде талапқа сай толтырылды. Сонымен қатар, барлық педагогтарды қатыстыра отырып мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары С.Қанатбаева «Білім мен біліктілікті жаңғыртатын бағдарлама және жиынтық бағалау» тақырыбында мектепшілік семинар ұйымдастырды. Семинар барысында электронды журналға критериалды бағалаудың талапқа сай толтырылуы, тоқсандық жиынтық бағалау аясында бірқатар түсініктер жүргізді. Bilimclass логині: 971240002794_zavuch

паролі: Samantha1988

2024-2025 оқу жылының I тоқсанына арналған ТЖБ кестесі, мектепшілік семинар фотолары қоса салынды.

4.Бағалау өлшемшарттарының 12.10. тарауы АӘТД пәні мұғалімі А.Ұябаев (еңбек өтілі 21 жыл), көркем еңбек пәні мұғалімі Ж.Қуандықов (еңбек өтілі 12 жыл) 2 жылдан бері біліктілік санатын арттырмаған, бұдан педагогтар біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растайтын педагогтардың үлесіндегі мерзімі өткеннен кейін педагогтер санатына төмендетілуі туралы ақпарат ұсынылмаған болатын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттау өткізу қағидалары мен шарттарының 1-тарауында педагогтердің біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша, біліктілікті бағалау тестінен тиісті балды жинай алмауы, Педагогтерді аттестаттау II жарты жылдықта өткізілмейтіндігі туралы Ақтөбе облысының білім басқармасының 19.10.2023 жылғы №14783 санды бұйрығы негізінде және «Су тасқыны болған аймақтарда төтенше жағдайдың жариялануына» байланысты Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы «16» сәуірдегі № 79 бұйрығының 1-қосымшасы негізінде категориядан өту шілде айына қалдырылғаны себеп болған. **2024-2025 оқу жылында** жоғарыда көрсетілген пән мұғалімдері 21 жыл еңбек өтілі бар АӘТД пәнінің мұғалімі Ұябаев Амангелді Жайлаубайұлы шілде айында ПББ тестінен өтіп, педагог-сарапшы санатын, 12 жыл еңбек өтілі бар көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қуандықов Жасұлан Айтуғанұлы ПББ-тестінен өтіп, е-портфолио бойынша құжаттары талапқа сай келіп, педагог-сарапшы санатын арттырды. *Аталған педагогтердің біліктілік санатын көтеру туралы бұйрықтары, біліктілік санатын растау куәліктері мен ПББ тест нәтижелері қосымша жалғанды.*

Тарих пәнінің мұғалімі А.Асылбек 18 жыл пед өтілі бар болғанымен, 04.09.2023 жылы №55 бұйрығымен 1-санатты біліктілік санаты берілген, алайда жаңа форматтағы атаумен берілмегендіктен, біліктілік арттыруының түсіндіруін ұсыну көрсетілген болатын.

Асылбек Ақылбек Асылбекұлы 2023 жылдың 04-қыркүйегінде Ырғыз ауданының Құйылыс жалпы білім беретін орта мектебінен жұмыс ауыстырып келген болатын. А.Асылбек жұмысқа әдіскер және тарих пәнінің мұғалімі болып қабылданды. Диплом бойынша мамандығы тарих-география. Жұмысқа қабылданған кездегі біліктілік санатының бес жылда бір рет арттырмағандығы анықталып, ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №533 бұйрығының 125-тармағы негізінде өзінде бар «жоғары» біліктілік санатынан «I санатты» педагогқа бір саты мектеп директорының бұйрығымен төмендетілді. Төмендету туралы бұйрықты 26 тамыз-02 қыркүйек 2024 жылғы мемлекеттік аттестаттау комиссиясына ұсыну ұмыт қалдырылған.

Аталған педагогтің бұрынғы біліктілік санат куәлігі, жұмысқа қабылданған бұйрығы, біліктілік санатының төмендету туралы бұйрығы қосымша жалғанды.

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету нұсқамасының орындалуы туралы ақпарат ұсыну керек болатын. Сайттың техникалық ақауына байланысты тексеру актілері салынып, кемшіліктерді жою актілері жүктелмеген (2022, 2023, 2024 жылдары). *Ырғыз ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі жою актілері қоса салынды.*

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 тамыз-02 қыркүйек аралығында өткізген мемлекеттік аттестаттау кезіндегі анықталған кемшілікті жою мақсатында жоспар құрылып, 2024 жылғы 05 қыркүйектегі педагогикалық хаттамасы негізінде бекітілді. *(іс-шаралар жоспары қоса тіркелді).* Аталған кемшіліктерді қалпына келтіру шаралары орындалды.

Мектеп директоры



Ж.Қуандықов